

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 14 қараша N 1263. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитеті орталық аппаратының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісілген құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің саны шегінде 51 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитетіне төрағаның 2 орынбасарын, сондай-ақ 11 адамнан алқа ұстауына р ұ қ с а т е т і л с і н .

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитетінің орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 14 қарашадағы
N 1263 қаулысына
қосымша

**Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
жанындағы Тіл комитеті орталық аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ**

Мемлекеттік тілді дамыту басқармасы
Ұлттар тілін дамыту бөлімі
Ономастика және терминологиялық жұмыс бөлімі
Қоғамдық ұйымдармен және қазақ диаспорасымен жұмыс бөлімі
Баспа - ақпарат бөлімі
Экономика және есеп бөлімі
Бухгалтерлік есеп бөлімі
Кадр саясаты мен арнаулы жұмыстар басқармасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК